



# АТЫРАУ UNIVERSITY Газет 2000 жылдың сәуір айынан шығады

# Университет

Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСЫЛЫМЫ  
ИЗДАНИЕ АТЫРАУСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Х.ДОСМУХАМЕДОВА

№10 (105)  
Желтоқсан 2020 жыл



### Құрметті әріптестер, профессор-оқытушылар, студенттер!

Санаулы күндерден кейін сынаққа толы 2020 жыл да тарих қойнауына кетеді. Бұл жыл қанша қиын болса да, адамзат жасампаздық пен ынтымақтастықтың арқасында барлығын еңсере білді. Сондықтан да алдымызда келе жатқан Жаңа жылдан күтер жақсылығымыз, үмітіміз көп.

2020 жылда бүкіл адамзатты толғандырып, әлемді дүрліктірген COVID-19 пандемиясы өмірімізге біраз өзгерістер енгізді. Тіпті көптеген дамыған мемлекеттер экономикалық-әлеуметтік дағдарысқа ілікті. Кеңінен белең алған індет білім беру жүйесі үшін де ауыр сынаққа айналды. Сыздарлы сағатта мемлекеттің шұғыл әрі батыл шешім қабылдап, бірлескен ұжымның жоғары кәсібилікпен өз ісін адал атқаруының арқасында оқу үдерісін тоқтатпай, білім сапасының деңгейін арттыруға қол жеткіздік.

Осы жылы біздің университетте де аса маңызды өзгеріс болды – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Коммерциялық емес акционерлік қоғам (КеАК) мәртебесіне көшті. Бұл өзгеріс жақсы мүмкіндіктер берумен қатар, жоғары оқу орнының қаржылық саясатына ықпал етіп, академиялық дербестігін тиімді жүргізуге септігін тигізді.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті – мақсаттарымыз бен міндеттерімізді ортақтастыратын білім ордамыз, барлығымыз бұл жерде бар қиындықтарды бірге өткеріп, ұйымшылдықтың арқасында үлкен жетістіктерге қол жеткізіп отырмыз. Бұған дәлел – студенттеріміз бен оқытушыларымыздың ғылыми, педагогикалық, спорттық, шығармашылық қызметтегі айтулы жеңістері.

Жаңа жыл қарсаңында барлық әріптестеріміздің адал еңбектері үшін, жұмыс барысында танытқан жоғары белсенділіктері мен кәсібиліктері үшін алғыс білдіргім келеді. Сіздердің ұзақ жылғы еңбектеріңіздің арқасында университет жаңа белестерді бағындырып, бүгінгі таңда жақсы көрсеткіштерге жетіп отыр.

Жаңа 2021 жыл біздің мызғымас бірлігімізді нығайта түсіп, барлық игі ниеттеріміз қайырлы істерге толы болсын.

Баршаңызға зор денсаулық, болашаққа деген жарқын сенім, сәттілік пен амандық тілеймін! Жаңа жыл құтты болсын!

Басқарма Төрағасы–ректор С.ИДРИСОВ



## АГЕНТТІК ТӨРАҒАСЫ БЕЛСЕНДІ ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСТІ



Атырау өңіріне келген іс-сапары барысында Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Шпекбаев Алик Жатқамбайұлы және Атырау облысы әкімі Махамбет Жолдасғалиұлы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде болды. Алик Жатқамбайұлы және Махамбет Жолдасғалиұлы университеттің қазіргі тыныс тіршілігімен танысып, студенттердің жағдайы мен ұстаздардың біліктілігіне, білім ордасының оқу-техникалық базасы цифрландыру жүйесіне көшіріліп жатқанына көз жеткізді. Сондай-ақ белсенді студенттермен кездескен Алик Жатқамбайұлы «Саналы ұрпақ» студенттер клубының кеңсесінің жұмыс барысымен танысып, ұлттық тәрбие, көшбасшылық туралы ойларын айтып, оң бағасын берді.

## ӘСКЕРИ КАФЕДРА ТҮЛЕКТЕРІНЕ «ЗАПАСТАҒЫ ЛЕЙТЕНАНТ» АТАҒЫ БЕРІЛДІ



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің әскери кафедрасы түлектеріне «запастағы лейтенант» атағын салтанатты түрде табыстау рәсімі өтті.

Салтанатты жиынды Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Қансұлу Мұсақызы құттықтау сөзімен ашты.

Әскери кафедраның негізгі мақсаты - Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының запастағы офицерлерін даярлау.

Әскери есепке алу мамандықтары бойынша 111 студент сәтті аяқтады. Атап айтар болсақ, аумақтық қорғанысты ұйымдастыру бойынша 4 студент, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде әскер қызметін ұйымдастыру және бөлімшелерді жауынгерлік қолдану бойынша 21 студент, барлау жұмыстарын ұйымдастыру бойынша 24 студент, дене шынықтыру және спорт ұйымы бойынша 13 студент, арнайы насихатты ұйымдастыру бойынша 32 студент, оның ішінде 5 қыз, бөлімшелерді, бөлімдер мен құрамаларды жауынгерлік қолдану бойынша 17 студент сәтті тәмамдады.

Жалпы, әскери кафедра құрылған сәттен бастап (2016 жылдан бастап) 224 студентке «запастағы лейтенант» атағы берілді. Кафедрада 1-2 курстың 229 студенті оқуын жалғастыруда.



## ЭКОЛОГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ МЕМОРАНДУМЫ ЖАСАЛДЫ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде Атырау облыстық Экология департаменті басшысы Бекмұхамбетов Әлібек Мұратұлы мен Басқарма Төрағасы-ректор Идрисов Саламат Нұрмұханұлы кездесіп, екі мекеме арасындағы ынтымақтастық жөнінде меморандумға қол қойды.

Экологиялық білім беру бағытында әріптестік қарым-қатынасты нығайтуды мақсат еткен меморандумға қол қойған екі тарап келесі бағыттарда қызметтерді жүзеге асыруға келісімге келді:

- тәжірибелермен бөлісу мақсатында профессор-оқытушылық құрамды, ғылыми және әкімшілік қызметкерлерді экология тақырыбында дәрістер оқуға, ғылыми зерттеулер жүргізуге, тәлімдемелерден өтуге, конференциялар мен басқа да іс-шараларға қатысуға тарту;

- біріккен семинарлар, конференциялар, практикумдер өткізу, үздіксіз білім берудің қысқа мерзімді бағдарламаларын әзірлеу;

- бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу, екі жақты және халықаралық бағдарламалар бойынша біріккен білім беру және зерттеу жобаларын жүзеге асыру;



- оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттерді бірлесіп дайындау, жариялау және қолда бар материалдармен алмасу;
- оқып жатқан студенттердің іс-тәжірибе мен тәлімдемеден өтуін жүзеге асыру;
- қашықтан оқыту бағдарламаларын ұйымдастыру;
- екі жақты мүдделерді қанағаттандыратын басқа да салаларды дамыту.

## “ЕРЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН” ТӨСБЕЛГІСІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Еліміздің Тәуелсіздік мерекесіне арналған салтанатты шара өтті. Салтанатты жиында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ғалым-ұстаздары, көп жылдар білім саласында еңбек етіп жүрген, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Ардагерлер алқасының төрағасы Шахман Нағимұлы Нағимов және философия ғылымдарының докторы, профессор, Гуманитарлық пәндер және әлеуметтану кафедрасының меңгерушісі Өмірбек Қадырханұлы Бекежан “Ерен еңбегі үшін” төсбелгісімен марапатталды.



## ЕЛ БАҚЫТЫН ТЕРБЕТКЕН ТӘУЕЛСІЗДІК

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 29 жылдығына арналған «Ел бақытын тербеткен - тәуелсіздік» атты салтанатты шара өтті.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің жетекшісі Жамиға Тәжікқызы «Тәуелсіздік және Қазақ мемлекеттілігінің жаңғыруы» атты баяндамасында Тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктер туралы баяндады.

Шара барысында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Басқарма Төрағасы - ректор Саламат Нұрмұханұлы жиынға қатысушыларды айрықша мерекемен құттықтап, мерекеге орай Тәуелсіз Қазақ елінің дамуына үлес қосып, кәсіби білікті мамандар дайындап, еліміздің зияткерлік әлеуетінің өсуіне және қазақстандық қоғамның әлеуметтік және рухани-мәдени үдерістерінде өлшеусіз қызмет етіп жүрген бірқатар профессор оқытушылар мен қызметкерлерді марапаттады.

Атап айтсақ, оқу орнының білім, ғылым, тәрбие саласындағы жетістіктері үшін Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындары ассоциациясының «Ахмет Байтұрсынов» орденімен тарих ғылымдарының докторы, Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының профессоры Сарсенов Алдар Сарсенұлы, «Ахмет Байтұрсынов» алтын медалімен техника ғылымдарының докторы, «Математика және қолданбалы технологиялар» ғылыми-зерттеу институтының директоры Бекет Зинешұлы,

тарих ғылымдарының докторы, Х.Табылдиев атындағы тарих, археология ғылыми-зерттеу институтының директоры Сапанов Сайпулла Жұмабайұлы, «Ахмет Байтұрсынов» атындағы күміс медальмен филология ғылымдарының кандидаты, шетел тілі және шетел тілін оқыту әдістемесі кафедрасының қауымдастырылған профессоры Леонова Алла Ивановна, тарих ғылымдарының докторы, Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының меңгерушісі Бердіғожин Лесқали Базарғалиұлы, «Ахмет Байтұрсынов» атындағы қола медальмен география, туризм және су ресурстары кафедрасының меңгерушісі Жұмағазиев Арман Закарияұлы, физика және техникалық пәндер кафедрасының қауымдастырылған профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты Сырбаева Шара Жеткербайқызы, философия ғылымдарының кандидаты, Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің деканы Аймұратов Сағынгерей Болатқалиұлы марапатталды.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «Nur Otan» партиясы «Бірлік» бастауыш партия ұйымына мүше болған Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті профессор-оқытушылар мен студенттері «Nur Otan» партиясының билетін салтанатты түрде тапсыру рәсімі өтті.



## БІЛІМ ОРДАСЫНЫҢ АБЗАЛ АБЫЗЫ ЕДІ...

Қазақ халқының мыңжылдықтар белесінде қалыптасқан рухани құндылықтарының құрамында ұстаз-ғалымдар жасаған игіліктер айрықша назарға алынады. Себебі жаңа істерді дамыту үшін өнегелі өмір сүрген, артына маңызды еңбектер қалдырған көрнекті адамдар әрдайымда бағдар болады. Осындай дара да ерен, өз тілінің жанашыры, тілдің ғажайып сырлы әлемінің құпиясын ашуға, тіл білімінің синтаксис саласының шешілмеген жұмбағын шешуге аса ыждағаттылықпен барған, ана тілінің сөйлем құрылысының сырларын ашуды терең зерделікпен зерттеген пайымы мол ғалым, өзінің парасатты ойымен, дәлелді ғылыми тұжырымдарымен, салиқалы да салмақты ойларымен артына өшпес із қалдырған ұлағатты ұстаз әрі ғалым - Құсекең Шәукенов болатын.

Абай атамыз «Ақырын жүріп, анық бас» дегендей, өзінің салиқалы сөзімен, ой-толғамы оқшау, болмысы бөлек, табиғаты таза, жаны жайсаң, мінезі жай ерекше жан иесі Құсекең ағай жай басып, тындырымды дүниелер жасайтын жан иесі еді. Осынау бір салмақты да салиқалы, парасатты

да пайымды, өзіндік салмақтар ойы бар, рухани бай да, шәкірт жанының нағыз бағбаны болған ерекше ерен жан иесі ол - Құсекең Шәукенұлы бүгінде тірі болса, 90-ның төрінен орын алар еді...

Тіл білімі ғылымының саласында Құсекең филология ғылымдарының кандидаты, профессор-ғалым атанды. Қазақ тілінің жанашыры болып, өз туған өңіріндегі ерен еңбектері үшін көптеген алғыс хаттармен, мадақтау қағаздарымен марапатталып, ҚР Білім беру ісінің үздігі төсбелгісі, еңбек ардагері медалі, Ы.Алтынсарин және А.Байтұрсынов атындағы медальдармен, министрліктің құрмет грамоталары сияқты көптеген жоғары марапаттармен марапатталған.

Құсекең Шәукеновтың білім-ғылым жолындағы ерен еңбегін ерекше атап өтуге тұрарлық парасатты жан иесі деп айтсақ, артық болмас еді. Өзінің дара тұлғасының, сабырлы сөздерімен, салиқалы пікір, тұжырымдарымен шәкірт санасына жарық білім сәулесін шашып, оларға сапалы білім дәнін себе білді. Құсекең Шәукенұлының ұстаздық жолы ғылым-біліммен бірге, ұлағатты үлгі-өнеге мен өсиетке де толы еді. Ол ұстаздық

еткен өмір жолдарының өзі бір белес, асулы асқаралы биіктік.

Құсекең ағай ұстаздықтың ұлы жолында талай тер төкті, қажырлы қайратын жұмсады, бүкіл ғұмырын арнады. Өнеге мен ұстаздық өнерді, білім-ғылымды меңгерді, оны басқаларға меңгерте білді. Оның қаламынан туындаған көптеген ғылыми құнды еңбектері білім алушылардың игілігіне айналды. Әсіресе синтаксис саласына тереңдей қалам тербеуі одан туындаған ағайдың көптеген еңбектері мен ғылыми мұралары ол кісінің артында сайрап жатқан анық іздері іспетті...

Ұстазбен бірге еңбек еткен жылдарымда Құсекең ағайдан үйренген де үлгі алған да ғибраттарым мен тәлім тәрбием мол болды. Ағайдың байсалды мінезі мен өзіндік нық ұстанымы бар абзал жан болатын, ол қолы қалт еткен уақыттарда қағаз бен қаламды жанына серік етіп, бір минут та уақытты бос өткізбейтін бір ерекшелігі мен өзіме үлгі тұттым, жаныма серік қылдым. Бір сәтте қаламы қолынан түспей, қалам мен қағазды өзінің рухани жан серігіне айналдыра білді. Шәкірттеріне білім беруді өмірінің өзегіне ай-

налдырды. Байсалды да байыпты, қарапайым да қайырымды Құсекең ағайдың өзіндік білім тұлғасы да өзгелерден ерекше. Өзіндік пайымы мен тұжырымы, ішкі жан-дүниесінің рухани байлығы, өзіндік ұстанымы бар дара тұлға десек те артық айтпағандық болар еді.

«Асылдың сынығы, тектінің тұяғы» дегендей, Құсекең ағамыздың арғы тегі мен ата-бабаларының өмірде қарапайым адамдар болмағаны аян. Сол бір қиын-қыстау зұлмат кезеңнің ызғары дәулетті деп саналатын Шәукен әулетіне де әсер еткен еді. Сол кездің белді де, қуатты адамдары саясаттың құрбаны болды, қудалауға түсті, елден көшті, ата қоныс, ата жұртқа қауіп төнді. Осы бір қиын кезеңді Шәукен әулеті де бастан өткерген еді. Қиын-қыстау кезеңнің, соғыс деп аталатын зұлматтың ауыртпашылығы бала Құсекеңге де үлкен ауыртпалық арқалатқан еді. Жастайынан еңбекке ерте араласып, ерте есейіп, бала жігіт ерте ересек атанды. Елдегі тыл жұмыстарына араласты, үй шаруашылығына, ата-анасына қолқабыс етті.

Атыраудан алыс емес (бұрынғы Гурьев) Қайыршақты ауылында өсіп-өнген бала Құсекең жастайынан оқу-білімге зерек те құштар болып өсті. Қолына түскен газет-журналмен, қолдан-қолға сирек тиетін кітаптарды жаста-нып оқитұғын. Жастайынан мектепте жақсы оқып, өзін жан-жақты көрсете білді. Оқу-білімге құштарлығы осы кезден басталса керек. Одан кейін мұғалімдер дәріялайтын Гурьев педагогикалық училищесіне оқуға түсіп, өте жақсы оқып, оны үздік бітіріп, әрмен қарай да тоқтап қалмай, ағылшын тілі мамандығының толық курсы бітіріп, еңбекке араласады. Одан әрі ілім-білім қуып, Орал қаласындағы А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институттың «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша білім алып, жоғары білімді маман атанады.

Өзінің алғашқы еңбек жолын Қызылқоға ауданына қарасты Қаракөл орта мектебінен бастайды. Көп жылдар білім саласында «Ағылшын тілі» мен «Қазақ

тілі мен әдебиеті» пәндерінен нәтижелі қызметтер атқарып, сабақтар береді. Мектеп өмірінде жас шәкірттерге сабақтар берумен бірге, мектеп завучы, мектеп басшысы қызметтерін атқарып, көпшіліктің өз әріптестерінің, шәкірттерінің құрметіне бөленді. Міне осындай өмір белестерінің түрлі сатыларында ерен еңбек еткен Құсекең Шәукенұлы білім беру саласынан мол тәжірибе жинап, өмірдің сан түрлі асау асуларынан асып, өмірінің өткен сара жолдарын зерделей білді. Ғылым мен білімді бірдей ұштастыра білді. Институт қабырғасында жүріп, 1965 жылы «Қазіргі қазақ тіліндегі үйірлі мүшелер» тақырыбындағы диссертациялық ғылыми жұмысын сәтті қорғайды. Республика бойынша тіл білімі саласындағы ғылыми ортаның, соның ішінде, «Синтаксис» саласының белді маманы болды. Қазіргі қазақ тілі синтаксисінің проблемалық мәселелеріне кең қалам тербей отырып, көптеген ғылыми мәні бар мақалалары мен оқу құралдарын шығарды. Сонымен бірге төл тіліміздің яғни қазақ тілінің жанашыры бола білді. Орыс тілді саясаттың астында бұйығып қалып қойған қазақ тілінің болашағын ойлап, оған қамқоршы бола білді. Қазақ тілінің мемлекеттік деңгейге дейін көтерілуіне, оның қолданыс аясының кеңіюі, тіл саясатының республика-мызда, облысымызда кең етек жаюына өзінің зор үлесін қосты. Білім-ғылымды жанына ту еткен, болмысы байсалды, сөзі салмақты Құсекең ағай біз үшін әрқашанда мәртебе зор мақтанш!

Ұлағатты ұстаз-ғалымның ана тілін қадір тұтқан еңбегі мен адалдық пен шыншылдықты темірқазық қып ұстанған өнегелі өмір жолы әрқашан жадымызда жаңғырып, өскелең ұрпақтың көкірегі білім-ғылым сәулесімен нұрландырады хақ.

**Жомарт МҰХАМБЕТОВ,**  
**«Қазақ тілі және әдебиеті» кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор**

## ҒЫЛЫМ ЖОЛЫНДАҒЫ ҒҰМЫР (Тарихшы ғалым Шахман Нағымұлы – 75 жаста)



Студенттік кез – адамның адам болып қалыптасуының негізгі шешуші кезеңі ме деп те ойлайсың. Мектеп табалдырығында, жарайды, бір ауылдың балалары, үйден жырақтамай-ақ бақандай он-он бір жыл оқып, әбден бауыр басып үлгереді. Өмірлік көзқарасы да түбегейлі қалыптаса қоймаған. Ал, студенттік шақта міне мектеп бітірдім, өмірлік мақсатымды айқындадым деген әр ауылдың баласы бір бағытта, бір мамандықта тоғысып, білім алуларына, болашаққа жо-спарды бірге құруларына мүмкіндік алады. Осы кезеңде қатар құрбыларыңмен бөліп жеген бір үзім нан, бір шәугім шәйдің өзі қандай бағалы естеліктер боп қалады десеңші?!

Бұны неге айтып отырмыз? Себебі, өңіріміздегі педагогикалық білім берудің қара шаңырағына алғаш қадам басқан сәттен бастап әрбір адымымызда қанатының астына алып, қамқорлығын көрсеткен аулы жандар аз болмады. Олардың үлгілік мектебінен өткен біз де жаман болмадық. Әлгіндей қызығы мен пыяқығы қатар мәнді естеліктердің куәгеріне айналдық. Солардың ізгі ниеті, шынайы көңілі мен кәсіби көмегінің арқасында бүгінгідей

**Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді. Өміршең қағида екені анық.**

**Ғылым жолы білім мен ізденістің бүкіл сатысынан өтуді және бүкіл қажыр-қайратты сарп етуді талап ететін қайран да қиын жол екені әмбеге аян. Абай айтқан «Ғылым таппай мақтанбаның» мәнін толық ұғына қоймасақ та, ұрпақ санасына білім мен ғылымның, оны игерудің маңызын түсіндіруде ұстаз атты ұлағатты тұлғалардың еңбегі еш мақтау-мадақтауға сыймайтындығын айта аламыз. Сондай саналы ғұмырын шәкірт тәрбиелеуге арнаған, оқу-ағартуға жұмсаған ұстазымыз – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің қауымдастырылған профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты Шахман НАҒЫМҰЛЫ бүгінде мерейлі жетпіс бес жасқа толып отыр. Осы ретте біз де шәкірттік лебізімізді тарқатуды жөн санадық.**

дәрежеге жеттік деп есептейміз. Былайша айтқанда, «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» болатыны онсыз да белгілі. Міне, дәл осы сөздің аясында күні бүгін оқыдым, оқығанымды көңілге тоқыдым, еңбек еттім, тарихымды таныдым дей алсақ, ол биыл 75 жасқа жеткен бағдаршамымыз іспетті тұлға – облысқа белгілі тарихшы-ғалым Шахман ағайға қатысты айтылған ақиқат.

Көз салып қарасақ, қарапайым еңбек адамының отбасында дүниеге келген бозбаланың кейінгі өмірбаяны да шым-шытырық оқиғаларға толы болды деуге келмейді. Алайда, өз дәрежесінде атап өтуге тұрарлық тұстары жетерлік. 1963 жылы Кулагино селосында орта мектепті тәмамдап, сол кездегі Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтының «Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі» мамандығына оқуға түседі. Бір жыл өткен соң әскерге шақырту алып, тура үш жыл азаматтық борышын өтеп келеді. Дәл осы тұсты Ш.Нағымұлының өзі: «1967 жылы Гурьевке оралып, оқуымды жалғастырмақшы болып институтқа барып, ректор Сәдірбай Тоқманұлы Қожабаевқа жолықтым. Екінші курстың басында әскерге кеткенімді айттым. Ол кісі бірден «Сен оқыған «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы жабылып қалған. Сондықтан өз мамандығың бойынша Абай атындағы Қазақ педагогикалық немесе Орал педагогикалық

институтына жібере аламын» деді. Мен сессияның аяқталып қалуына байланысты ол қалаларға бара алмайтынымды айтып едім. «Олай болса сені «тарих» мамандығының 1-ші курсына қабылдайық» деп, сойтіп ректор С.Қожабаевтың арқасында бір сәтте тарихшы болып шыға келдім» деп еске алады.

Аталмыш мамандықты 1971 жылы бітірген ол алты жылдай қалалық 19, 6 орта мектептерде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі болып қызмет етті. Кейін Ш.Нағымұлы 2002 жылға дейін мектеп директоры, облыстық білім беру басқармасының бас маманы, мұғалімдер білімін жетілдіру институтының директоры және Атырау ұлттық музыка Академиясының оқытушысы сәйкес міндеттерді абыроймен атқара білді. Осы уақытта ғылымға қарай бет бұрып, Батыс өлкесінің білім тарихын зерттеуге белсене кірісті. Бұл ізденістердің нәтижесінде 1996 жылы облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының жанынан өлкелік білім мұражайы ашылып, оның экспозицияларына 2 ғасырлық халық ағарту тарихы орналастырылды. Бұдан бөлек, 2000 жылы Ы.Алтынсарин атындағы Білім Академиясы жанындағы диссертациялық кеңесте «Батыс өлкенің халық ағарту ісінің тарихы» тақырыбы бойынша педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми атағын ойдағыдай қорғап шықты.

Шахман Нағымұлы – педагогика тарихына арналған бірнеше туындылар жазып шығарған автор. Атап айтсақ, «Атырау – білім өлкесі» (1999), «Атырау: білімге бастаған жылдар» монографиялары (2000), 3 томдық «Атырау мұғалімдерінің энциклопедиясы» (2003), «Атыраудың ұлағатты ұстаздары» жинағы (2007) оның алғашқы еңбектеріне жатқызылады. Одан кейінгі жоғары оқу орындары студенттеріне арналған «Қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихы» оқулығы (2012), «Азалы Ақ кітап» (2015); «Батыс өлке тарихының тағылымды беттері» атты монографиялары, «Мәдениеттану» оқулығы (2018) және әртүрлі баспадан жарияланған жүздеген мақалалары кейіпкеріміздің әлі күнге дейін тынбай тер төгіп, ізденіс үстінде екендігін дәлелдей түседі.

Ол 2002 жылдан бастап университетіміздің тарих-филология факультеті Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. Осы кезеңде кафедра ұжымы Ш.Нағымұлының жетекшілігімен бірқатар игі шараларды жүзеге асырды. Қазір де кафедра ұжымы студенттермен оқу-тәрбие жұмысының тиімділігін жылдан-жылға арттырып, оқытушы-профессорлар құрамы өз сабақтарында оқытудың озық технологияларын тиімді пайдалануда. Сонымен бірге, Шахман ағай 2011 жылдан бастап жоғары оқу орнының ардагерлер кеңесінің төрағасы қызметін де қоса атқарып келеді.

Ел алдындағы осынау қалтқысыз қызметі ескеріліп, бірнеше марапаттарды қанжығасына байлады. Халық ағарту саласындағы еңбегі үшін «Қазақ ССР білім беру ісінің үздік қызметкері», «ҚР білім беру ісінің Құрметті қызметкері», «ҚР ғылымына қосқан үлесі үшін» төсбелгілері және «А.Байтұрсынов» атындағы алтын медальдің ерен иесі.

**Гаухар АЙДОСЫНОВА,**  
**Гульмира ДЖАМБАУЛОВА**  
**Қазақстан және дүние жүзі тарихы кафедрасының оқытушылары, шәкірттері**



## ҚАҢТАР 2020



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ректоры болып университетіміздің түлегі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Саламат Нұрмұханұлы Идрисов тағайындалды. \*\*\*\*



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде бокстан Сидней олимпиадасының чемпионы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері Ермахан Ибраимовпен кездесу өтті.

## АҚПАН 2020



Алматы облысында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті және РОСРО «Балдаурен Қапшағай» педагогикалық ЖОО студенттер арасында жаратылыстану бағытында халықаралық олимпиада өтті.

Олимпиадаға университетіміздің атынан Абдинов Рауан Шәріпбайұлының жетекшілігімен Жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдар факультетінің 3 курс студенттері Рахметова Гүлжазира Болатқызы, Жайлы Нұршақ Бақтыжанқызы, Қайратова Нұргүл Нұрланқызы, 4 курс студенті Бектұрғанұлы Диас қатысып, командалық есеппен жүлделі III орынға ие болды. \*\*\*\*



Атыраулықтар Абайды ұлықтау рәсімін Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің мәдени-спорттық кешенінде бастады.

Абай мұрасын елімізде кеңінен насихаттау мақсатында ұйымдастырылған шараға облыс әкімі Махамбет Досмұхамбетов, зиялы қауым өкілдері және университетіміздің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері қатысты. \*\*\*\*



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде Атырау облыстық прокуратурасымен оқу орны арасындағы өзара ынтымақтастықты қалыптастыру және дамыту мақсатында меморандумға қол қою рәсімі өтті.

Меморандум аясында университет ректоры Саламат Нұрмұханұлы мен Атырау облысының прокуроры Халидулла Зиноллаұлы арнайы құжатқа қол қойып, алда



ұйымдастырылуы тиіс шараларды талқылады. Кездесуге прокуратура қызметкерлері мен университеттің Құқықтану мамандығы студенттері, оқытушылар қатысты. Жиын барысында бірқатар мәселелер қаралып, студенттердің прокуратура органдарының қызметі, оның қоғам үшін маңыздылығы туралы кәсіби білімдерін тереңдету сияқты ұсыныстарын білдірді. \*\*\*\*



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің мәдени-спорттық кешенінде еріктілер жылының ашылу салтанаты өтті.

Шараға университетіміздің ректоры С.Идрисов, Атырау облысы Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Р.Құспан, «Қазақстан-Атырау» телеарнасының директоры Қ.Әуесбай және өңіріміздегі барша еріктілер мен студенттер қатысты.

## НАУРЫЗ 2020



Алматы қаласында Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт министрлігінің спорт және дене шынықтыру істері комитетінің ұйымдастыруымен ересектер арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті.

Муайтайдан ересектер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионатында 60 келі салмақта Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Экономика және құқық факультетінің, Құқықтану мамандығының 2 курс студенті Аида Хайруллина жүлделі I орынға ие болып, чемпион атанды. \*\*\*\*

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті мен Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының «Атамекен» Атырау облысы бой-



ынша аумақтық бөлімі мен «KazNII» бау-бақша шаруашылығы ЖШС арасында жеміс-жидекті дамыту саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

Тараптар бірлескен өзара тиімді ғылыми-зерттеу жұмыстары арқылы олардың қызметін үйлестіруді нығайтуға және жеңілдетуге келісімшарт жасады. \*\*\*\*


Құрманғазы атындағы мәдениет сарайында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Жастар саясаты департаментінің ұйымдастыруымен



«ATYRAU UNIVERSITY SULTANY - 2020» байқауы өтті. Байқаудың басты мақсаты – салтымыз бен дінімізді өскелең ұрпаққа насихаттап, үлгі ету. Байқау соңында әділ қазылардың шешімі бой-

ынша барлық қатысушылар марапатталды. Яғни, «INSTA - Жұлдыз» - Жалғас Шоқаев, «Көрермендер көзайымы» - Байгілеу Жайлыбай пен Есмұрат Марат, 20000 теңгелік сертификатпен 3 орынды Досхан Қуанышұлы, жүлделі 2 орынды 30000 теңгелік сертификатпен Жалғас Шоқаев, жүлделі 1 орынды 50000 теңгелік сертификатпен Ерқанат Жұмабаев, ерекше өнерімен көрерменді таң қалдырған Бақытбек Еслямов «ATYRAU UNIVERSITY SULTANY - 2020» атағына лайық деп танылып, 70000 теңгелік сертификатпен марапатталды.

## СӘУІР 2020



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті «Х. Б. Табылдиев атындағы Атырау өлкесінің тарихи, археологиясы және этнографиясы» ғылыми зерттеу орталығы, Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасы ұйымдастыруымен Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығына арналған «Қазақстанның 1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы жеңіске қосқан үлесі» атты халықаралық онлайн ғылыми-практикалық онлайн-конференциясы өтті.

Конференцияда Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан, соғыс кезеңі экономикасы, Атырау облысының еңбек ресурстары және Қазақстан өнеркәсібі, соғыс кезеңіндегі тылдағы күнделікті өмір, профессор Х.Б.Табылдиев еңбектеріндегі Ұлы Отан соғысының тарихнамасы мен дерек көздері мәселесі талқыланды.

## МАМЫР 2020

ZOOM платформасында ҚР Мемлекеттік қызмет Істері Агенттігі, Мемлекеттік қызметтің Астаналық ХАБЫ, ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік Басқару Академиясы және Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті бірлесіп отырып ұйымдастырған «Мемлекеттік қызметшілердің қашықтан жұмыс істеуі» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті.

## МАУСЫМ 2020

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңына, ЖАО-лардың Жарғыларына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 9 маусымдағы N 5-14-3/2538-И хатына сәйкес Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті «Коммерциялық емес акционерлік қоғамы» және университет ректоры бұйрыққа сәйкес Басқарма Төрағасы-ректор деп өзгертілді. \*\*\*\*



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде мемлекеттік қызметте жүрген тұлғаларға арналған «Түлектер бұрышы» салтанатты түрде ашылды.

Шараны Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректоры Қойшығұлова Ләйлі Ерболатқызы ашып, алғы сөзді ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Атырау облысы бойынша департамент басшысы Салауат Сыйлыбайұлы Мүксімовке берді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері Өмірбекова Жайлы Бөкешқызы мен ардагерлер кеңесінің төрағасы Нағымов Шахман Нағымұлы құттықтау тілектерін білдіріп, игі бастаманы қолдайтындарын жеткізді.



# Жеңістіктері

## ШІЛДЕ 2020



Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы, Атырау облысынан сайланған мәжіліс депутаты Бейбіт Баймағамбетұлы Мамыраев Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде болды.

Бейбіт Баймағамбетұлы өзінің демалысы кезіндегі өңірге сапарының мақсаты - тұрғындармен көзбе-көз кездесу, эпидемиологиялық ахуал мен экологиялық мәселелерді қарастыру, сонымен қатар білім беру мекемелерінің жаңа оқу жылына дайындығы, карантин жағдайында қашықтан оқытуды ұйымдастыруы, білім сапасын көтеру, оқу орнының материалдық-техникалық жағдайларына назар аудару.

## ТАМЫЗ 2020



Жастар саясаты департаментінің ұйымдастыруымен «Мен Конституцияны жатқа білемін» тақырыбында байқау өтті.

Конкурстың мақсаты - Қазақстан Республикасы Конституциясын насихаттау, құқықтық сауаттылықты арттыру, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, азаматтарды, оның ішінде жастарды ынталандыру. Байқауға 15 қатысушы қатысуға ниет білдірген.

Жеңімпаздың оқу ақысына 100% жеңілдік берілді.

Екі кезеңде де үздік нәтижеге қол жеткізген «Экономика және мемлекеттік басқару» мамандығының II курс студенті Қалмырза Ляззат Нұрлыбайқызы грант иегері болды.

## ҚЫРКҮЙЕК 2020

Еліміз егемендікке қол жеткізген кезден бері тоқтаусыз кемелденіп, көркейіп келе жатырған Атырау қаласына ерекше шырай беретін Жайық өзенінің оң жағалауындағы демалыс саябағының құрылысы 2019 жылы басталған болатын. Осы саябақтың бір бөлшегі ерке Жайық өзенінің ең көрікті жерінде орналасқан Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің тұсындағы жағалау жоба бойынша «Жастар» аллеясы болып жоспарланған екен. Университет жастары үшін жасалып жатқан игілігі мол істе біздің университет түлектерінің де үлестері бар.

Оның айқын дәлелі - «Жастар» аллеясындағы «Жас жұбайлар», су бұрқақтарындағы «Бекіре балық» және «Сазандар» мүсіндер композициясының авторы Бейбіт Өтегенұлы Меңдіғалиев университетіміздің «Гуманитарлық ғылымдар және өнер» факультеті, «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасы түлегінің туындылары.

\*\*\*\*\*



«Бизнес-аналитика және IT жобаларды басқару» мамандығының 1 курс студенті, KazMessage мобильдік қосымшасы мен InVideo платформасын ойлап тапқан жас өнертапқыш Эльдар Құрмашев ректорлық грант иегері атанды.

## ҚАЗАН 2020

Университетімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі Серіктестік департаменті директоры Расул Медетовтың қатысуымен «ЖОО-да сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу жұмыстары» тақырыбында кездесу өтті.

Атырау облысына арналған іс-сапардың нақты мақсаты - өңірдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстарды байқау, соның ішінде мемлекеттік қызметкерлермен кездесіп, жаңа жаңалықтармен та-



ныстырып, көкейде жүрген сұрақтарға жауап беру, тиімді ұсыныстарды агенттік басшылығына жеткізу болып табылады.

\*\*\*\*\*



Нұр-Сұлтан қаласында «Жылдың үздік студенті-2020» атты республикалық байқауы өтті.

Жеңімпаздарды марапаттау шарасында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Жаратылыстану және ауыл шаруашылық ғылымдары факультеті, химия мамандығының студенті Жалғас Ақсымбат Сапаркелдіқызы «Жылдың үздік студенті-2020» төсбелгісінің иегері атанды. Сонымен қатар, арнайы кітап жинағымен және куәлікпен марапатталды.

\*\*\*\*\*



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті мен Атырау облысының Полиция департаменті арасындағы ынтымақтастық туралы Меморандум аясында Атырау облысының Полиция департаменті Тергеу басқармасы мен Азаматтық құқықтық пәндер кафедрасы бірлесіп Құқықтану мамандығы студенттері арасында «Қайсар тергеушілер» клубын құрды.

## ҚАРАША 2020



Жастар саясаты департаментінің ұйымдастыруымен 2020 жылы университет табалдырығын аттаған 1-курс студенттерін студенттік қатарға қабылдау ісін өтті. Студенттің төлқұжаты - студенттік билетті тапсыру рәсімі салтанатты түрде табысталды.

\*\*\*\*\*

Қазақ әдебиетінің біртуар қаламгеріне арналған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында көрнекті ақын, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Әнұран авторларының бірі - Жүмекен Нәжімеденовтің туғанына 85 жыл толуына орай «Ж.Нәжімеденов және қазақ поэзиясының көркемдік даму бағыттары» атты халықаралық ғылыми-теориялық онлайн конференция өтті.

\*\*\*\*\*



2018 жылы 25 қазанда негізі қаланған «Asu Umit» қайырымдылық қорының құрылғанына 2 жыл толды. Негізін қалаушылар Игорь Лян мен Гүлназ Төрегелдиева, сондай ақ топтың белсенді жетекшісі Мансия Сағидоллаева алғашында университеттің



қайтарымсыз көмек жасауға ниеттенген студенттерін топтастыруды мақсат еткен. «Әлемге қуаныш сыйлағаның - өзіңді қуантқаның» дегенді басшылыққа алған ұйымшыл ұжым жастары салтанатты шараны атап өтті.

\*\*\*\*\*

Талғат Сырбаз Алматы қаласында өткен еркін күрестен облысымыздың намысын қорғап, Қазақстан Чемпионатында 70 келі салмақ дәрежесінде чемпион атанып, алтыннан алқа тағынды. Университет басшысы палуанды Қазақстан чемпионы атануымен құттықтап, арнайы алғыс хат пен естелік сыйлық табыстады.

\*\*\*\*\*



ҚР Тұңғыш Президенті күніне арналған «МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН» VIII республикалық патриот жастар форумының марапаттау салтанаты өтті.

Жүлделі I орынға және Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде 1 жыл тегін оқу білім грантына Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті, Журналистика мамандығының III курс студенті Нұржол Жақсылық ие болды.

## ЖЕЛТОҚСАН 2020



«Жайық» спорт кешенінде «ҚАЗАҚ СПОРТЫ ТАРИХЫ» монументальді кескіндемесінің ашылу салтанаты өтті.

Кескіндеменің негізгі мақсаты - қазақ халқының көне заманнан бергі, ерекше күш қайрат иесі болғанын суреттеу. Туындыларда қазақ даласы, өзендері мен таулары, әлемге әйгілі табиғаты, еліміздің аумағы, Алтайдан Атырауға дейін кең-байтақ мемлекетіміз бейнеленген. Сонымен қатар, қазақ халқының салт-дәстүрі, ұлттық ойындары, ерік-жігері, батыр бабаларымыздың өр рухы суреттелген.

\*\*\*\*\*



ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру департаменті, Атырау облыстық Білім басқармасы және Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ұйымдастыруымен «Жаңа Педагогика: трендтер, құзыреттілік, мазмұны» атты III Халықаралық педагогикалық форумы өтті. Форумның мақсаты - тиімді құралдармен, білім беру тәжірибесімен, білім беру мекемелердің қалыптасқан модельден сандық модельге көшудің стратегиясымен алмасу және жаңа педагогикалық қалыптастыру.

# ВЕЛИЧИЕ ИСКУССТВА ЯСНЕЕ ВСЕГО ПРОЯВЛЯЕТСЯ В МУЗЫКЕ

**Мир музыки - это бесконечное пространство для творчества. Творческие личности - обладатели талантов, отличающиеся незаурядными способностями. В Атырауском университете имени Х. Досмухамедова работает кафедра музыки и искусства, которая готовит и выпускает таких талантливых студентов на сцену мира искусства. Мы организовали интервью с заведующей кафедрой Ковалевой Елизаветой Дмитриевной.**

– Елизавета Дмитриевна, мы бы хотели узнать более подробно о кафедре. В каком году была создана кафедра музыки и искусства?

– История кафедры музыки ведет свой официальный отсчет с 1976 года, когда возникла необходимость открытия в Гурьевском педагогическом институте музыкально – педагогического факультета, задачей которого являлась подготовка высококвалифицированных специалистов – учителей музыки для общеобразовательных и детских музыкальных школ города и области.

В связи с открытием в 1976–1977 учебном году специальности №2119 «Музыка и пение» на 50 мест претендовало 109 абитуриентов. По итогам сдачи четырех экзаменов приказом по Гурьевскому педагогическому институту №197 от 21.08.1976 года было зачислено в число студентов первого курса 50 человек: по 25 студентов на казахское и русское отделения.

В 1979–1980 годы количество студентов по специальности «Музыка и пение» возросло в четыре раза. Состав контингента становится интернациональным. На факультете обучаются студенты из России, Украины, Туркменистана, а также из Актобьинской, Уральской, Чимкентской, Мангистауской областей..

В период с 1992 по 1998 годы на факультете работают три кафедры:

1. Кафедра «Хоровое дирижирование»;
2. Кафедра «Музыкальные инструменты»;
3. Кафедра «Музыкально-теоретические дисциплины».

В 1994 году на факультете «Музыка и педагогика» открывается новая специальность «Изобразительное искусство», в связи с чем организовывается новая кафедра «Методика преподавания музыки и изобразительное искусство», а факультет называется «Музыка и изобразительное искусство». Заведующим кафедрой назначается кандидат педагогических наук Владимир Константинович Чуреев.

В 2003 году открывается специальность «Традиционное музыкальное искусство», где студенты обучаются игре на народных инструментах и народному пению. Кафедра готовит специалистов для детских музыкальных школ, образовательных творческих учреждений, организаций. В 2004 году на кафедре открывается еще одна специальность – «Актерское искусство», по окончании которой выпускники получают специальность «Актер музыкального театра», «Актер драматического театра и кино». Профессиональные актёры становятся востребованными на сценах культурных заведений.

В 2005–2006 учебном году впервые в истории кафедры и университета на специальность «Музыкальное образование» в число студентов был зачислен 73-летний деятель культуры РК, лауреат всесоюзных и международных конкурсов, дирижер, руководитель оркестра казахских народных инструментов в ДМШ в п. Шетпе Мангистауской области Орын Кульсариев. В 2007 году он защитил дипломную работу на тему «История искусств Мангистауского региона».

В 2010 году открывается новая специальность «Вокальное искусство». Подготовка специалистов осуществляется по направлению «Академическое пение».

**– Кого из известных выпускников Вы могли бы назвать?**

– Наши выпускники вносят огромный вклад в развитие образовательной и культурной среды общества, ведут музыкально – просветительскую деятельность в городе и области. В общеобразовательных школах города работают учителями музыки высшей категории К. Саркулова, А. Айжариков, Ш. Темирболатова и др.

Высокопрофессиональная подготовка выпускников кафедры позволяет успешно руководить творческими коллективами и занимать руководящие должности. Так, например, Мухтаров Мустахов – директор Прикаспийского

современного колледжа, Сабилов Ерболат – аким сельского округа с. Орлик Индерского района, Ныгметова Ардақ – заместитель директора по учебной работе Атырауского музыкального колледжа имени Д.Нурпейсовой, Кадыров Болат – заместитель декана по учебной работе



Атырауского инженерно-гуманитарного института, Сарсенов Газиз – директор Балкудукской средней школы, Сапарова Нұрлыгүл – методист городского управления образования г. Атырау, Омарова Лайла – начальник отдела культуры и развития языков района Алга Актобьинской области, Дауылбаев Махамбет – методист учебного кабинета музыки Института повышения квалификации учителей Атырауской области – филиала АО «Национальный центр повышения квалификации «Орлеу», Еспусинова Эльмира – директор Махамбетской школы искусств.

**– На каком уровне сегодня интерес студентов к творчеству? Каковы их достижения?**

В настоящее время интерес молодежи к творчеству только растет. Студенческая жизнь — это не только учеба, но и бесценный опыт общения во внеучебное время. Здесь молодежь может реализовать свои творческие возможности, а в дальнейшем и совершенствовать их. У нас в университете обучается много талантливой молодежи, которая не имеет отношения к творческим специальностям. Самое главное – не теряться и постараться сделать все возможное. Мы помогаем нашим ребятам принимать участие в различных творческих конкурсах, фестивалях, олимпиадах. Они успешно выступают в международных, республиканских, городских конкурсах, фестивалях, занимая призовые места. Также активно участвуют в внутривузовских, городских, областных мероприятиях. Таким образом, они реализуют свой творческий потенциал. Наша кафедра очень тесно сотрудничает с департаментом молодежной политики в университете.

**– По каким специальностям осуществляется обучение? Расскажите, пожалуйста, вкратце о профессиях.**

– В настоящее время на кафедре подготовка специалистов ведется по следующим образовательным программам:

- Учитель музыки, педагог дополнительного образования
- Концертно-камерный исполнитель, преподаватель
- Народное пение
- Народные инструменты

Учитель музыки, педагог дополнительного образования предусматривает подготовку специалиста в области музыкального образования, способного осуществлять организационно-управленческую, учебно-воспитательную, социально-педагогическую, научно-методическую и культурно-просветительскую деятельность в образовательных учреждениях. Освоение образовательной программы дает возможность каждому обучающемуся реализовать свои способности в области музыкального образования, приобрести большой исполнительский опыт, а также способствует развитию и формированию общей и музыкальной культуры.

Концертно-камерный исполнитель, преподаватель предусматривает подго-

товку специалиста в области вокального искусства с присвоением академической степени «бакалавр искусства». Данная программа имеет художественно-эстетическую и социально-педагогическую направленность, так как приобщает к системе специальных знаний, умений и навыков, позволяющих активно обогащать и расширять опыт музыкально-творческой деятельности обучающихся. Занятия по программе дают возможность каждому обучающемуся реализовать свои способности в области вокального искусства, приобрести вокальные навыки.

Народное пение и народные инстру-

ческую профессию, создающую эстетические ценности, будь то изобразительная деятельность, музыкальная или актерская. На сегодняшний день наиболее востребованными специальностями являются «Учитель музыки» и «Концертно-камерный исполнитель». Практика последних лет показывает, что в содержании школьного музыкального воспитания, в подготовке учителей музыки имеются определенные позитивные сдвиги. Что касается специальности «Концертно-камерный исполнитель», то она считается очень востребованной на рынке труда. Многие культурно-образовательные учреждения, учреждения дополнительного образования города и области нуждаются в квалифицированных специалистах этого направления.

**– На каком уровне находится спрос на традиционную, народную музыку? И как можно его увеличить?**

– В последние десятилетия наблюдается усиление интереса к традиционной музыкальной культуре. Народная музыка – это наследие многих поколений певцов и музыкантов. На современном этапе развития традиции не только не утратили своего значения, но и получили применение в самых различных сферах жизни. Да, сегодня многие творческие специальности испытывают проблему с набором студентов, причем эта проблема касается тех вузов, в которых имеются специальности искусства и культуры. Поэтому уже в первой половине учебного года мы начинаем заниматься профориентационной работой. Во-первых, творческую деятельность кафедры мы освещаем на сайте университета, в социальных сетях. Преподаватели и студенты совместно с представителями культурно-образовательных учреждений области и города выступают на сценических площадках, проводят мастер-классы в школах искусств. Одним из мероприятий по привлечению абитуриентов является День открытых дверей, где они знакомятся со специальностями, условиями обучения в вузе и т.д.

**– Какие мероприятия вы организуете в онлайн-формате? Сложно ли организовать онлайн-концерт?**

– Онлайн-концерты сложно назвать полноценными концертами, так как нет прямого контакта со зрителями, то есть никаких подбадривающих зрителей не будет. Главным минус – это качество связи, проблемы со связью. Не всегда имеются хороший интернет, качественная аудио-система или отличная камера. Желательно еще наличие света или хотя бы хорошего естественного освещения. Тем не менее, переход мероприятий в онлайн-режим – это сейчас актуально и, скорее всего, перспективно в будущем. В мае мы провели мероприятие, посвященное 175-летию Абая. Здесь ребята продемонстрировали свое творчество в записи.

**– Как проходит процесс обучения? Не трудно ли студентам учиться онлайн?**

– При всем очевидном положительном эффекте внедрения в процесс обучения дистанционных технологий стоит отметить, что не каждую профессию в принципе можно освоить удаленно. Дистанционная работа является малоэффективной для творческих специальностей. Студентам необходим тактильный осязательный контакт. Будущие музыканты, вокалисты должны физически ощущать физические параметры пространства сцены, инструментов. В период дистанционного обучения преподаватели и студенты столкнулись с большими проблемами, которые влияют на качество обучения. Особенно это важно для первокурсников, которые еще не адаптировались к системе. Студент не может сравнивать свои достижения с достижениями сокурсников, нет и показателей, куда расти. Одной из немаловажных проблем является хорошее техническое оснащение и доступ в интернет как у студента, так и преподавателя. Споры о достоинствах и недостатках дистанционного образования можно вести бесконечно. В данный период студенты творческие специальности занимаются в смешанном формате. Все практические и индивидуальные занятия проводятся традиционно.

**– Спасибо за интервью. Желаем Вам дальнейших успехов и благополучия.**

# ҰСТАЗ-ҒАЛЫМ ТАҒЫЛЫМЫ

Саналы да байыпты өмірлік көзқарасы қалыптасқан әр адамның ұрпақтың ұлы мұраты жолында талмай еңбек етіп, білім көшін жылжытып келе жатқан ұстаздарға деген құрмет пен ризашылық сезімі ерекше екендігі белгілі. Абай атамыз: «Ұстазсыз шәкірт тұл, шәкіртсіз ұстаз тұл» деп, адам баласының кісі болып қалыптасуы көбінесе ұстазға байланысты екенін айрықша атап айтқан. Ұстаз – әр кез ел ертеңі, ел болашағы – бүгінгі жас ұрпақтың білімді, саналы да салауатты, «сегіз қырлы, бір сырлы» болып өсуіне, жақсы азамат болып қалыптасуына жол көрсетеді. Осындай қастерлі де қасиетті, жауапты жұмыста әрдайым биіктерден көрініп, болашақ мамандар дайындау жұмысына өзіндік үлес қосып жүрген Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің тәжірибелі оқытушыларының бірі – Нұргүл Қыдырбайқызы Шахкееева.

Мұғалімдер отбасында дүниеге келіп, ата-ананың өнегелі тәрбиесін алған Нұргүл Қыдырбайқызы әке жолымен қиын да қастерлі мұғалімдік мамандықты таңдайды. Сол арманның жетегінде жүріп, Гурьев педагогикалық институтын «Математика және физика» мамандығы бойынша бітіреді де, бірнеше жылдар бойы Атырау қаласы мектептерінде математика пәнінің мұғалімі болып жұмыс жасайды.

1995 жылдың қыркүйек айынан бастап осы кезге дейін батыс өңіріндегі іргелі оқу орындарының бірі болып саналатын Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде тынымсыз жас ұрпаққа сан-салалы математика ғылымының ғажайып сырларын үйретуден жалықпай,

«Математика және математиканы оқыту әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы, доценті, кафедра меңгерушісі, факультет деканы қызметтерін абыроймен атқарып, нәтижелі еңбек үлгісін көрсетіп келеді.

Нұргүл Қыдырбайқызы факультет студенттері мен магистранттарына математикалық анализ, дифференциалдық теңдеулер, математикалық физика теңдеулері, вариациялық есептеулер, арнайы курстар, жоғары математика пәндерінен дәріс және практикалық сабақтар жүргізіп келеді. Оқытушының сабақтары теориялық, практикалық және әдістемелік тұрғыда қазіргі заман талабына сай жоғары дәрежеде жүргізіледі. Оқыту үдерісіндегі негізгі жұмыс оқытуды ұйымдастырудың формаларын жетілдіру арқылы оқыту үдерісінің тиімділігі арттыруға, студенттің таным дағдысын, ойлау қабілетін дамытуға, сөйтіп нақты нәтижелерге қол жеткізуге бағытталады.

Н.Қ.Шахкееева 2010 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінде мұнай және газ кен орындарын жобалау және өңдеу мәселелері қарастырылған «Исследование обратных и прямых задач теории фильтрации» тақырыбы бойынша кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, физика-математика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алды. Ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелері мен есептеу алгоритмі және қолданбалы кешенді бағдарламалары көптеген қолданбалы есептерді шешуде, автоматтандыру жүйесі бойынша мұнай және газ кен орындарын жобалау және өңдеу барысында



қолданылып жүр. Алынған нәтижелер «Разрешимость задач теории фильтрации с учетом массообменных процессов и создание их вычислительных алгоритмов» тақырыбындағы ғылым-техникалық жоба жұмысына қосылды.

Нұргүл Қыдырбайқызы республикалық және шетелдік басылымдарында жарияланған 90 жуық ғылыми мақалалар мен 2 монография, 5 оқу-әдістемелік құралдардың авторы. Бұл еңбектер жоғарғы оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамы мен магистрант, студенттеріне кеңінен таныс. Білім беру мен ғылымдағы ғылыми ізденіс, абыройлы еңбектің нәтижесінде республикалық «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» байқауының жеңімпазы атағына ие болды.

Ұстаздық етуден жалықпаған, сан

мындаған шәкірттерге даналық сәулесін сепкен, білікті де білімді маман даярлау ісінде бір кісідей еңбек еткен ұлағатты ұстаз Нұргүл Қыдырбайқызы алдынан бір кезде тәлім-тәрбие, дәріс алған шәкірттері бүгінде еліміздің әр аймағында әр салада табысты еңбек етуде. Олар әлі күнге дейін сүйікті ұстазынан ақыл, кеңес алып, амандығын білісіп, көрген жерде сағынысып көрісіп жатады.

Әрдайым студенттер мен әріптестері арасында сыйлы, әр адамға жақсылық жасауда, көмек көрсетуге ұмтылып жүретін Нұргүл Қыдырбайқызы туралы небір әдемі сөздер мен ыстық лебіздерді айтсақ та көңілге қонымды болатындығы анық.

Бүгінде Нұргүл Қыдырбайқызы өмірден ертерек озған азаматы, марқұм Аманжанның шаңырағын шайқалтпай, оның берекесін келтіріп, шырайын кіргізіп, Ерқанаттай ұл мен Әсел, Айымжандай қыз тәрбиелеген, ағайынның ынтымақ-бірлігін ұйытып отырған аяулы ана, немерелерінің сүйікті әжесі. Балалары да әке арманы мен ана үмітін ақтап, абыройлы еңбек етуде. Ұлағатты ұстаз, ардақты ана үшін бұдан артық бақыт бар ма?!

Мерейлі жас иесі Нұргүл Қыдырбайқызына шын жүректен зор денсаулық, ұзақ өмір тілейміз. Шаңырағыңызды шаттығы, ұрпағыңыздың ұлағаты, өміріңіздің өрелі белестері, мерейлі де мерекелі шақтары мол болсын деген жүрежарды игі ниетімізді білдіреміз.

**«Математика және математиканы оқыту әдістемесі» кафедрасы ұжымы**

# ЖҰМЕКЕН ЖҰМБАҒЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ НЕГІЗДЕРІ

**Жүмекен өмір сүрген кеңестік қоғам – тілі, діні, дәстүрі әр түрлі 15 одақтан құралған құрама одақ болды. Одақ өз құрамындағы ұлттардың ұлттық рухын, тілін, дінін ескермеді. Орыс тілін одақ халықтарына ортақ тіл деп тауып, орыс тілінде сөйлеуді міндеттеді. Дінін жоққа шығарып, ділі, ұлттық санасы туралы сөз қозғауға тыйым салды. Білім беру, ақпарат, ғылым саласы арнайы сүзгіден өтіп, халыққа ұлтсызданған, мәйегі алынған кәсіби білім мазмұны ұсынылды. Философ Ғ.Есім оны былай түсіндіреді: «Сөз бостандығы атымен болған жоқ. Тек жоғарыдан ғана рұқсат етілген «бостандық» болды: ол – коммунистердің көшбасшысы Ленин мен Марксті, социалистік ұғымды мақтауға негізделген бостандық».**

Сол дәуірдің көзін көрген М.Мағауиннің айтуына қарағанда, «социалистік құрылысты мадақтау, ертеңгі коммунистік қоғамды насихаттау, жаманды жасырып, жақсыны асырып, жоқты бар деп, қисайғанды түзік, қалықты озық етіп көрсету, қайыршы тұрмысты бай ретінде бейнелеп, қапас өмірді азаттық кейінде әйгілеу марксизм-ленинизм іліміне табындыру, өкімет пен партияны тынымсыз мадақтап, күн – көсемдерге қысқа күнде қырық мәрте тағзым ету».

Ал, одақ мүддесін қолдамаған ұлтжанды қаламгерлердің өнердегі жолы ауыр болды. Әрине, ХХ ғасыр басындағыдай қуғынға салып, атпады. Бірақ, ұлт рухын көтеруді мақсат еткен Жүмекендей ақындарды түсініп тұрып түсінбеген сыңай танытты. Кезінде алаш арыстарын «халық жауы» атандырып, халықтан қалай алыстатса, 1960 жылы да осы тәсілді қайта қолданды. Жүмекен ақынды «жұмбақ ақын» атандыруы – оны оқырманына оқытпаудың бір жолы – тын.

Әйтпесе, Жүмекеннің өлеңдеріндегі мүдденің коммунистік жүйеге қарсы көзқарас екенін Ә.Кекілбаев дәл байқаған: «Қазақтың өткенін жоққа шығарған саяси тоталитаризм тұсында титтей де жалғандық жібермес шыншылдықты талап ету – Жүмекеннің өз-өзін сират көпірге сүйрегендей жанкештілігі». Яғни, Жүмекеннің ұлт мүддесі жолындағы жанкештілігі неден, қалай басталды деген сұрақтың тууы заңды.

Жүмекеннің ұлттық көзқарасын айқын көрсеткен өлеңдерінің бірі «Менің Қазақстаным» өлеңі-тін. Бұл өлеңнің туу тарихы Ресей өкіметінің отаршылдық саясатымен тікелей байланысты.

Тарихқа зер салсақ, тың игеру желеуімен 1956 ж. еліміздің солтүстігінде орналасқан Петропавл, Павлодар, Ақмола, Қостанай, Қарағанды облыстарын қазақ жерінің құрамынан бөлу саясаты жүзеге асырыла бастады. Бұл – елімізді екіге бөліп, қазақты іштей іріту, ыдырату.

Міне, осы жағдай Жүмекенді алаңдатып, «Менің Қазақстаным» өлеңінің дүниеге келуіне ықпал етеді. Осы өлеңінің әнін жазған Ш.Қалдаяқовтың ұрпақ назарына ұсынған өннің шығу тарихы туралы естелік сөзі – сөзіміздің дәлелі.

Бір күні Жүмекен менімен жолыққанда, елдегі жағдайды көріп отырсың. Бұл бүкіл қазақты толқытқан оқиға. Мен бұл жайлы «Менің Қазақстаным» деген ән жаздым. Сен де қазақсың. Бойыңда қазақ деген қаның бар ғой. Сен әнін жаз, – деген екен Жүмекен Шәмшіге.

Содан кейін мен бұл өлеңге ән жаздым. Осылай «Менің Қазақстаным» әні дүниеге келді. Ән туысымен әнші Жамал Омароваға хабарласып, радиоға шығаруымыз өтіндік. Осы кезде бұл әннің туғанынан хабардар болған цензура де іске кірісіп, әннің айтылуына тыйым салу керек деп жатқан шақта әнші де оны радиоға орындап жатады. Ән осылайша аз ғана уақытта халықтың арасына тарап үлгерді... Расында, аз ғана уақытта ұлттық рухын көтеріп,

ұлттық мақтанышын оятқан «Менің Қазақстаным» халықтың сүйікті әніне де айналып үлгерді.

1986 жылы қазақ жастары бас көтеріп, желтоқсанда бас көтергенде осы әнді айтып, алаңға шығады. «Менің Қазақстаным – «Елім-ай» сынды халықтың мұңы мен қайғысын көтеріп, ұлт болып өмір сүруге құқық сұрай білген намыс пен рухтың қайрағы.

Бұл ән халыққа тарап, елді толқытқаннан кейін Шәмші мен Жүмекенді сөз баққан цензура тарапынан қудалау басталады. Алайда бұл ақын Жүмекеннің алған бағытынан қайтара алмайды. Ол өз ұстанымын ашық айту арқылы үлкен қателік жасап алғанын біледі. Және оны «еркінсу» деп түсіндіреді:

Кетпе еркінсіп, бірден тым,  
Астарлап бақ айлаңды,  
Алма бірақ бездіріп.

Еркінсіп, яғни ойын ашық мәтінмен жеткізудің соңы қудалаумен біткенін көрген ақын астарлап бағу қажеттілігін ұғынады. Бездіріп алмау тіркесі – сақ болу, коммунистік жүйенің қарсылығын оятпау деген мағынаны меңзейді. Ал, одан бой тасалап, көз алдаудың тәсілі – тілге көнбейтін, яғни айтуға сұранып тұрған қазақ өмірінің шындығын емеурінмен меңзеп, көзге түсірмеу. Қазақты іздеген, оның тағдырына алаң болған адам ақынның жырын өзі іздеп табатын жыр мәтінін қалыптастыру.

Тек, әйтеуір, асықпашы, байқа әлі,  
Қарап көрші, қарап көрші қайта алып.

Тілге көнбес нәрселерді кейде мен  
Емеурінмен, иегіммен айтамын.  
Көркемдікті жасырамын мен кейде,  
Түк қалдырмай көз көретін деңгейге.  
Мен түгілі табиғат та асылын  
Тереңірек, тереңірек көмбей ме?

Табиғаттың асылы, ең бағалы қазба байлығы алтын десек, бір түйін алтын табу үшін бүкіл тау қопарылады екен. Жүмекен өз жырларының жазылу әдісін табиғатқа теңеуінің сыры – осында, тереңнен табылатын және ауыр өнеркәсіп арқылы өндірілетін мұнай, алтын сынды қазба байлықтардың халық қолына жету жолы қандай ауыр болса – ақын жырларының тағдыры да осыған ұқсас.

Себебі, Жүмекен өлеңдері үш кезеңді қамтып, үш дәуірдің басын тоғыстырып,  
бұрын-соңды қазақ поэзиясында болмаған жаңа өлеңнің түрін дүниеге әкеліп, «жаңа тілде» жазуды міндет етеді:  
Кешегіні ұмытпа,  
Ертеңгіден түңілме,  
Сөйле, сөйле бүгінгі күн тілінде!

Жүмекен үшін «бүгінгі күн» тілінде сөйлеу тәсілі – осы, «қиындыққа жорық» жасау. Қазақ поэзиясында ешқашан болмаған оқиғаға құрылған балладаға сай келетін ойлы өлең жазу. Ақынның мұндай өлеңдерін түсінудің жалғыз шарты – сыртқы сөз, оқиға желісіне қарап пікір білдіруге



Жүмекен 85 жыл

асықпау, яғни сол оқиғалар арқылы ақынның айтпағына тереңдеу және жәй тереңдемей, үңіліп, ойланып қарау: Сен әуелі тереңірек көр, үңіл,  
Ілер болсаң биіктіктен көріп іл.

Әрбір жолым қиынырақ қиысса,  
Қиындыққа жасаған бір жорығым.

Ұлттық пікір ұшығын байқауда өте ұшқыр, өте сақ цензураның көзіне түсу – өлеңнің тамырына балта шабу, сынға ұшырау, тәркілеудің тақсыретін тарту. Ақын өлеңдерінің әрбір жолының қиынырақ қиысуы – метафора. Айтар сөзін астарлап, сөздің шындығын астарға салу әдісін меңзеп тұрғаны. Ал, бұл – ақынның коммунистік жүйемен қарсылығы, күрес тактикасы.


Осы ретте Жүмекен қалай күресті деген сұрақ туады. Жазушы М.Мағауин айтпақшы, ол дәуірдегі ұлтжанды қаламгерлер үшін тәуелсіз, еркін заманаға бастайтын жол – әр қилы әдіс-тәсілдерге арқа сүйеуге мәжбүр болды. Себебі, «ашық мәтінмен жазу өнерді әмсе мұратқа жеткізбейтін» еді.

Мен ешкіммен күреспедім, күрессе,  
Менің үшін күреседі өлеңім!

Бұл – жазушы М.Мағауин айтқандай, «ақыр түбі ұлы мұратқа – тәуелсіздік, еркін заманға бастайтын жол – жоба қарастырған». Жүмекен шешімі демексе әлдіміз жоқ. Ұлттың қорғап, әділдік іздеп өткен ақын екенін күнделік жазбаларынан да байқай аламыз: «ештеңені қорғамасаң, күреспесең, тұрмыс жайлы, жаным тыныш дегенің – өтірік сөз. Әйтпесе, мен де тыныш өмір сүрер едім ғой» (Аурухана – 1983).

Міне, Жүмекен – осылайша ұлт ретінде жойылу алдында тұрған еліміздің ертеңі үшін алаңдап, күллі шығармашылығын халықтың қасіретін жырлауға арнаған күрескер ақын, ер ақын.

**Гүлбану НҰРЫМҚЫЗЫ,**  
Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының  
аға оқытушысы,  
филология ғылымдарының кандидаты



Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті